ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

Информационная технология
ОЦЕНКА И УПРАВЛЕНИЕ РИСКАМИ

ҚР СТ 34.029 - 2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

ҚР СТ 34.029 - 2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 25 ақпандағы № 107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жылы
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

Жалпы ережелер

Осы құжат мыналарға: қатысатындарға пайдалы болады.

– Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін (АҚБЖ) әзірлеу мен сүйемелдеуге;

– АҚБЖ-ны сертификаттауды дайындауға,

– ұйымның АҚБЖ аудитына (бірінші тараптың аудиті – ішкі аудит сияқтылар, екінші тараптың аудиті, мысалы сертификаттаудың тәуелсіз органдары орындайтын аудиттер).

Ұйым тәуекелдерді бағалау жөніндегі іс-қимылдардың нәтижесін түсіндіру мен негіздеме үшін, әсіресе сертификациялау процесінің маңызды бөлігі ретіне пайдаланатыны маңызды, А қосымшасынан неге басқарудың нақты мақсаттары мен басқарудың құралдары таңдап алынды, неге олардың кейбіреу таңдап алынбады және неге (қажет кезінде) *ҚРСТ ИСО/МЭК 27001* стандартында санамаланғандарға қосымша басқару құралдары таңдап алынды.

АҚБЖ ұғымы

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін (АҚБЖ) бизнес-тәуекелдерді бағалауға негізделген және ақпараттық қауіпсіздікті әзірлеу, іске асыру, пайдалану, мониторинг, ілесу мен жетілдіру үшін арналған басқарудың жалпы жүйесінің бір бөлігін білдіреді. Басқару жүйесі ұйымдастырушылық құрылымды, саясатты, жоспарларды әзірлеуді, жауапкершіліктерді бөлу, нұсқаулықты, рәсімдерді, процестер мен ресурстарды қамтиды. АҚБЖ-ны пайдалану саласы ақпараттарды өңдеу, сақтау және беру үшін пайдаланылатын маңызды ресурстарды, жүйелерді, қосымшаларды, сервистерді, желілер мен технологиялардың қамти отырып, ұйымдардың толық немесе бір бөлігі сияқты ұйымдардың терминдерінде айқындалуы мүмкін. Бұл ретте ақпараттың өзі ресурс ретінде қаралады. Осы стандартта осы тәрізді ақпаратпен байланысты элементтердің жиынтығы «ақпараттық жүйе» немесе «ақпараттық жүйелер» деп аталады. Мұндай контексте АҚБЖ мыналарды:

– ұйымның барлық ақпараттық жүйелері;

– ұйымның кейбір ақпараттық жүйелері;

– жеке ақпараттық жүйені қамтуы мүмкін.

Ұйым анықтайтын АҚБЖ-ны қолдану саласы, осы бөлімнің соңындағы кестеде көрсетілгендей, сертификаттаудың мәні болып табылады. Ұйымға өз бизнесінің әр түрлі бөлімшелері немесе аспектілері үшін әр түрлі АҚБЖ-ны белгілеу талап етілуі мүмкін. Мысалы, басқа компаниялармен нақты сауда қатынастары үшін АҚБЖ-ны белгілеу мүмкін. Бір немесе бірнеше әртүрлі АҚБЖ көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін іскерлік серіктестерді қажетті жіктеулермен қамтамсыз ету үшін ұйымның өзінің

бизнесін құрылымдауы тағы бір мысал бола алады. Бір немесе бірнеше әртүрлі АҚБЖ-мен қамтылатын әртүрлі сценарийлер болуы мүмкін.

ЖІБТ моделі

«Жоспарлау – Іске асыру – Бағалау – Түзету (Plan-Do-Check-Act)» (Модель ЖІБТ (PDCA)) ретінде белгілі модел *ҚРСТ ИСО/МЭК 27001* стандартында пайдаланылады. Осы модел АҚБЖ-ны әзірлеу, іске асыру, мониторинг, талдау, сүйемелдеу және жетілдіру үшін негіз ретінде пайдаланылады. Осы модел туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат *ҚРСТ ИСО/МЭК 27001* және *СТ РК* стандарттарында келтірілген.

Осы стандарттың құрылымы

Осы стандарт екі бөлімнен тұрады:

– Бірінші бөлікте:

– Ақпараттық қауіпсіздік дегеніміз не?

– Неге қорғау шараларын қабылдау қажет,

– Қажетті шараға қалай қол жеткізуге болатындығы туралы жалпы мәліметтер мазмұндалады.

– Екінші бөлікте:

– Тәуекелдерді бағалаудың компоненттері мен олардың арасындағы байланысты сипаттау,

– Тәуекелдерді бағалау процесіне қосылатынды егжей-тегжейлі сипаттау,

– Тәуекелдерді бағалау үшін ұйымдастыруда іске асырылуы мүмкін жалпы тәсілдің немесе стратегияның әр түрлі нұсқаларын сипаттау келтіріледі.

Бұған қоса стандарт ҚР СТ ИСО/МЭК 17799 және *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандарттарына қосылған басқарудың мақсаттары мен құралдарына қатынасы бойынша қауіптер мен күдіктіліктің барынша егжей-тегжейлі мысалдары келтірілген бірнеше қосымшалардан, сондай-ақ тәуекелдерді бағалау мен тәуекелдерді өңдеу үшін пайдаланылатын әдістер мен инструменталдық құралдар туралы ақпараттан тұрады.

***ҚР СТ ИСО/МЭК* 17799 стандартын қолданылу саласы мен мақсаты**

ҚР СТ ИСО/МЭК 17799:2005 стандарты ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың нақты қолдану жөніндегі нұсқауды ұсынады. Стандарттың басты мақсаттары мыналарды:

– Қауіпсіздікті әзірлеуші, іске асырушы және бағалаушы басқаруды тәжірибеде ұйымдастыру үшін жалпы негіз;

– Ұйымдардың арасындағы іскерлік қатынастардың құпиялылығын қамтамасыз етуден тұрады.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17799 стандартында басқару мақсатының жиынтықтығы, сондай-ақ басқару мақсаттарын қолдау үшін іске асырылуы

мүмкін қауіпсіздікті басқару құралдарының толық жиынтығы айқындалады. Басқарудың бұл құралдары осы сәтте Ұлыбританияда да, халықаралық ауқымда да коммерциялық, өнеркәсіптік және мемлекеттік ұйымдарда іске асырылатын ақпараттық қауіпсіздіктің басқару құралдарына негізделген.

Басқарудың бұл құралдары қоршаған ортамен немесе пайдаланылатын технологиялармен байланысты шектеулер сияқты шектейтін факторларды ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздікті нақты қамтамасыз ету үшін ұсынылады. Басқарудың кейбір құралдары әрбір бизнес-ортада қолданылмауы мүмкін, және оларды жергілікті жағдайға қатысты сайланбалы пайдаланған жөн.

***ҚР СТ ИСО/МЭК* 27001 стандартының қолданылу саласы мен мақсаты**

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандарты ұйымның жалпы бизнес-тәуекелдерінің контекстінде құжаттамаланған АҚБЖ әзірлеуге, іске асыруға, пайдалануға, бақылауға, талдауға, сүйемелдеуге және жетілдіруге талаптарды белгілейді. Осы стандартта жекелеген ұйымдар мен олардың бөліктерінің қажеттіліктеріне сүйенген қауіпсіздікті басқару құралдарын іске асыруға талаптар белгіленеді.

АҚБЖ ақпараттық ресурстарды қорғайтын және мүдделі тараптар үшін құпиялылықты қамтамасыз ететін қауіпсіздікті басқарудың баламалы және тең мөлшерлі құралдарды қамтамасыз ету үшін әзірленеді. Бұл өз кезегінде бәсекеге қабілеттілікті, ақша қаражаттарының ағынын, рентабелділікті, құқықтық талаптар мен коммерциялық саясатқа сәйкестікті ұстап тұруға және арттыруға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді бағалау және *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартының контекстінде басқару құралдарын таңдау

Ұйым әзірленетін және сүйемелдейтін АҚБЖ-ны қолдану саласына қосылған, ақпараттық жүйелер үшін тәуекелдерге тартылған ақпараттар мен басқа ресурстардың коммерциялық құндылықтарын ескере отырып, қауіпсіздіктерді бұзумен байланысты тәуекелдерді бағалауды орындау қажет. Ұйым таңдап алынған және АҚБЖ-ға құжаттандырылған басқару мақсаттары мен басқару құралдары бизнестің нақты жағдайлары мен шарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау процесінің көмегімен қауіпсіздікті бұзу тәуекелдерін ұқсастыру мен бағалау процесінің нәтижесінде белгіленген болуы тиіс. (сондай-ақ 3.1 - 3.5 бөлімін қараңыз).

Тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде АҚБЖ қамтылған ұйымдардың ресурстарын теңестірілген тәуекелдерден қорғауға мүмкіндік беретін *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартының А-қосымшасынан басқарудың қажетті құралдарын таңдауға болады. АҚБЖ-ның сертификациялау үшін ұйым теңестірілген тәуекелдерге ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін таңдап алынған басқару мақсаттары мен басқару құралдарының барабар екендігін көрсетуге қабілетті болуы тиіс.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 **стандартына енгізілмеген басқару құралдары**

Басқару мақсаттары мен басқару құралдарын таңдап алу процесі *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартының А-қосымшасында келтірілмеген басқару құралдарын теңестіру мен іске асыруды жоққа шығармайды. Бағаланған тәуекелдер үшін стандартта келтірілгеннен өзгеше басқару құралдарын қолдану қажет етілетін жағдай да болуы мүмкін. Басқарудың бұл құралдары басқару құралдарының басқа да каталогтарынан, кітапханалардан, стандарттар мен өзге де көздерден таңдап алынуы мүмкін. Сертификаттау үшін стандартта келтірілмеген басқару құралдарын қолданудың негіздемесі *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартынан таңдап алынған басқару құралдары үшін де осылайша құжаттандырылған болуы тиіс.

«Жоспарлау – Іске асыру – Бағалау – Түзету (Plan-Do-Check-Act)» процесін егжей-тегжейлі сипаттау

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартында құжаттандырылған АҚБЖ-ны әзірлеу мен басқару сипатталады. *С*тандартқа сәйкес сертификациялау немесе қайта сертификаттауды алуға ұмтылған ұйым АҚБЖ процесіне төмендегі кестеде сипатталғандай (барынша егжей-тегжейлі ақпарат осы құжаттың 3-бөлімінде келтірілген) Жоспарлау – Іске асыру – Бағалау – Түзету моделін қолдануы тиіс:

Тақырып/Тапсырма	**Ұйымның міндеттері**
АҚБЖ-ны әзірлеу (4.2.1-бөлім)	а) АҚБЖ-ны қолдану саласын белгілеу; б) АҚБЖ саясатын белгілеу; в) тәуекелдерді бағалауға жүйелік тәсілді белгілеу; г) тәуекелдерді теңестіру; д) тәуекелдерді бағалау; е) тәуекелдерді өңдеу нұсқаларын теңестіру мен бағалау; ж) басқару мақсаттары мен басқару құралдарын таңдау; з) қолданушылық туралы ережені дайындау; и) басшылықтан бекітуді алу.
АҚБЖ-ны іске асыру және пайдалану (4.2.2-бөлімі)	а) тәуекелдерді өңдеу жоспарының ережелерін қалыптастыру; б) тәуекелдерді өңдеу жоспарын іске асыру; в) барлық таңдап алынған басқару мақсаттары мен басқару құралдарын іске асыру; г) оқыту мен хабарлау бағдарламаларын іске асыру; д) АҚБЖ-ны пайдалануды қолдану; е) АҚБЖ үшін ресурстарды басқару.
АҚБЖ-ны мониторингі және талдау (4.2.3-бөлімі)	а) мониторинг рәсімдерін орындау; б) АҚБЖ тиімділігін тұрақты талдауды жүзеге асыру; в) қалдық тәуекелдердің деңгейі мен тәуекелдердің теңестірілген ыңғайлы деңгейлеріне талдау жүргізу; г) АҚБЖ-ның ішкі аудитін жүргізу; д) басқару персоналдарына АҚБЖ талдауын тұрақты жүргізу; е) АҚБЖ-ның тиімділігіне әсер етуі мүмкін барлық оқиғаларды тіркеу.

АҚБЖ-ны сүйемелдеу және жетілдіру (4.2.4-бөлімі)	а) теңестірілген жетілдіруді іске асыру; б) түзейтін және тікелей жариялайтын тиісті шараларды қабылдау; в) барлық мүдделі тараптарға нәтижелер туралы хабарлау; г) жетілдірудің қойылған мақсаттарға қол жеткізетініне көз жеткізу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ МЕН БАСҚАРУ

Енгізілген күні 2008.07.01.

1 Қолданылу саласы

Осы стандартта *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799* және *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандарттарының контекстінде тәуекелдерді бағалау мәселесі қаралады.

Осы стандарттың негізгі мақсаты – тәуекелдерді бағалау процесінің және тәуекелдерді бағалау кезінде орындалатын барлық рәсімдердің негізінде жатқан пайдаланылатын терминдер мен негізгі ұғымдар туралы жалпы ұсыным беру.

Осы стандарт мынадай:

– *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799* және *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандарттарының контекстінде тәуекелдерді бағалау процесін түсінуді қажетсінетін;

– өзінің ақпараттық қауіпсіздік басқару жүйесін әзірлейтін және сүйемелдейтін;

– өзінің ақпараттық қауіпсіздік басқару жүйесін сертификациялауға немесе қайталама сертификаттауға дайындалатын ұйымдарға арналған.

Ол сондай-ақ сертификаттауды жүргізуге қатысатын, тәуекелдерді бағалау процесін түсінуі қажет ұйымдар пайдалануға арналған.

Ақпараттық технологияны қауіпсіздікпен басқару жөніндегі нұсқаулықты пайдалану (Guidelines for the Management of IT Security) (GMITS)

«Ақпараттық технологияны қауіпсіздікпен басқару жөніндегі нұсқаулықты» (GMITS) – бұл ISO/IEC әзірлеген және АТ қауіпсіздікпен басқару жөніндегі нұсқаулықты халықаралық ауқымда танылған, осы стандарттың әр түрлі орындарында пайдаланылатын ақпараттар. GMITS көптеген алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялар мен ұйымдар әзірлеген және келісілген қауіпсіздікті басқарудың нұсқаулары мен әдістерінің жиынтықтығын белгілейді.

GMITS осы стандартта баяндалған тәуекелдерді бағалау мен өңдеу процестері үшін ұғымдардың көпшілігі, тұжырымдар мен әдістер үшін базис қалыптастырады. Десе де GMITS стандартының атауында АТ қауіпсіздігі туралы айтылады, оның қолдану аясы осы шеңберден шығып кетеді, сондықтан осы нұсқаулықтардағы аталған қағидаттар ақпараттық қауіпсіздігіне де қолданылуы мүмкін.

Ресми басылым

Осы стандарттың 5 және 6 бөлігінде GMITS әр түрлі бөлімдерінде келтірілген ұсынымдар мен нұсқаулықтар қалайша *ИСО/МЭК 27001* стандарты бойынша сертификаттау процесімен үйлесімде ИСО/МЭК 17799 және *ИСО/МЭК 27001* стандарттарын жалпы қолданған жағдайда тәуекелдерді бағалау мен өңдеу процестерін қолдау үшін қолданылуы мүмкін екені түсіндіріледі.

Төменде GMITS ([1] - [5] қараңыз) стандартының бес түрлі бөлігіне шолу беріледі.

Ескертпе – Осы стандартта ескерілген ең соңғы басылымдар мен құжаттардың қолданыстағы редакциясын қолдану қажет.

GMITS. 1-бөлім. АТ қауіпсіздігі үшін тұжырымдамалар мен моделдер

GMITS стандартының 1-бөлігінде тәуекелдерді бағалау процесінде назарға алынуы тиіс негізгі қағидаттар мен моделдер сипатталады. Осы қағидаттарға шолу 5-бөлімде келтірілген. Мұндай қағидаттармен таныс емес осы стандартты пайдаланушы барынша толық ақпарат үшін GMITS стандартының, 1-бөлігінде жүгінуі тиіс.

GMITS. 2-бөлім. АТ қауіпсіздігін басқару мен жоспарлау

GMITS стандартының 2-бөлігінде ұйымдағы АТ қауіпсіздігін басқарумен байланысты әр түрлі әрекеттер сипатталады. Бұл бөлік АТ қауіпсіздігі процесінде басқару стратегиясын таңдаған және АТ қауіпсіздігі процесінде жауаптыларды тағайындаған кезде пайдаланылуы мүмкін. (бұл не қызықты ма? – ауд. ескертпелері). Бұған қоса оның ішінде басшылықтың көзқарасынан алғанда қауіпсіздік саясатын жоспарлаудың, әзірлеудің, түрлі кезеңдері, тәуекелдерді бағалау, АТ қауіпсіздігін басқару мен сүйемелдеудің құралдарын іске асыру сипатталады. GMITS стандартының 1-бөлігіндегі жағдайдағы сияқты осы стандартты пайдаланушылар барынша егжей-тегжейлі ақпарат үшін 2-бөлімге сүйенген жөн.

GMITS. 3-бөлім. АТ қауіпсіздігі үшін басқару әдістері

GMITS стандартының 3-бөлігінде АТ қауіпсіздігін табысты басқару үшін пайдаланылған әдістер талқыланады және ұсынылады. Оларға 6-бөлікте баяндалған тәуекелдерді бағалаудың әр түрлі нысандары мен Қосымшаларда тәуекелдерді бағалаудың әр түрлі мүмкіндіктерін толық баяндауды қоса алғанда 5-бөлікте баяндалған тәуекелдерді бағалаудың процестері жатады. Сондықтан GMITS стандартының 3-бөлігі аталған тақырыптарға, әсіресе тәуекелдерді бағалауды қалай орындау керектігі туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін пайдаланылуы мүмкін.

GMITS. 4-бөлім. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын таңдау

GMITS стандартының 4-бөлігінде бағалаудың әр түрлі әдістеріне қатысты басқарудың құралдарын таңдау туралы ақпараттар (мысалы 4-бөлімде баяндалған сияқты) келтірілген. 4-бөлім

ҚР СТ ИСО/МЭК 17799 сияқты нақты нұсқаулардың ішінен басқару құралдарын таңдаған кезде, сондай-ақ тәуекелдерді бөлшектеп бағалауға сәйкес басқару құралдарын таңдаған кезде көмектесуі мүмкін. Бұл бөлікті осы стандарттың 5-бөлігінде баяндалған басқару құралдарын таңдаған кезде пайдаланылуы мүмкін.

GMITS. 5-бөлім. Сыртқы біріктіру үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

GMITS стандартының 5-бөлігінде өзінің ақпараттық жүйелерін сыртқы желілерге қосатын ұйымдар үшін нұсқаулықтар келтіріледі. Бұл бөлікте осы қосулармен қолдау табатын сыртқы қосулар мен сервистер үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік бертін қауіпсіздікті басқару құралдарын таңдау мен пайдалану сипатталады. Бұған қоса онда қажеттілік осы қосулармен шартталған басқарудың қосымша құралдары сипатталады. 5-бөлік сондай-ақ егер сыртқы қосылулар пайдаланылса, *ҚР СТ ИСО/МЭК* 17799 стандартынан қауіпсіздікті басқару құралдарын таңдаған кезде пайдаланылуы мүмкін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО/МЭК 17799-2006 Ақпараттық технология. Қорғауды қамтамасыз ету әдістері. Ақпаратты қорғауды басқару бойынша ережелер жинағы.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 -2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1], [9], *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799*, *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады.

Ақпарат (information): Осы деректерге қолданылатын шартты келісімдер арқылы осы сәтте деректерге берілген мағыналық мәні.

Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (information security policy): Сындарлы ақпараттарды қоса алғанда, ресурстардың қалайша басқарылатынын, қорғалатыны мен таратылатынын анықтайтын ережелер, нұсқаулар мен нақты нормалар.

Ресурс (asset): Ұйым, оның бизнес-операцияларына және олардың үздіксіздігі үшін құндылық беретіннің барлығы.

Қауіпсіздікті басқару құралдары (security control): Қауіпсіздіктің тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін нақты нормалар (practice), рәсімдер немесе тетіктер.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару (information security management): Ақпараттық қауіпсіздікті іске асыруға мүмкіндік беретін механизмді ұсыну.

Ескертпе – Тәуекелдерді басқару әдетте тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдерді өңдеуді, тәуекелдерді қабылдауды және тәуекелдерді тапсыруды қамтиды.

4 Негізгі ережелер

4.1 Ақпараттық қауіпсіздік негізі

Ақпараттық қауіпсіздіктің мақсаты бизнестің үздіксіздігі мен ақпараттық қауіпсіздікке қақтығыстардың әсерін алдын алу мен азайту көмегімен бизнестің зиянын азайтуға қамтамасыз етуден тұрады.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару ақпаратты ұжымдық пайдалануға, ақпаратты ұжымдық пайдалануға бұл ретте ақпараттарды және АҚБЖ-ны қолдану саласындағы шектерде барлық өзге ресурстарды қорғауды қамтамасыз ете отырып, мүмкіндік береді (сонымен қатар 5.1-бөлімді қараңыз.). Ақпараттық қауіпсіздік 3 негізгі компоненттерді қамтамасыз етуі тиіс

– Құпиялылық: маңызды ақпаратты авторизацияланған жариялаудан және оқылатын түрдегі ақпаратты ұстап қалудан қорғау;

– Тұтастық: дәлдікті қорғау және ақпараттың толықты және бағдарламалық қамтамсыз ету.

– Қол жетімділік: пайдаланушылар үшін ақпараттың қол жетімділігін және маңызды сервистерді қамтамасыз ету.

Ақпарат көптеген нысандарға ие. Ол компьютерде сақталуы, желілер арқылы берілуі, қағазда басылуы немесе жазылуы немесе сөйлем түрінде айтылуы мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан қажетті қорғау баспалық құжаттарды, деректер базасын, үлдірлерді, тұсау кесерлерді, магниттік ленталарды, дискеталарды, компакт-дискілерді, сөйлесулерді, (мысалы: стационарлық және ұтқыр телефондар сияқты технологияларды пайдалану арқылы сөйлесулер) және барлық басқа әдістер мен білім мен ой-пікірлерді беру үшін пайдаланушы ақпарат тасығыштарды қоса алғанда, ақпараттың барлық нысандарына қолданылуы тиіс.

4.2 Шаралар қабылдану қажеттігі

Ұйымға тиесілі ақпараттар, сондай-ақ жүйелер осы ақпаратты қолдайтын қосымшалар мен желілер маңызды бизнес-ресурстар болып

табылады. Ресурстардың құпиялылығы, тұтастығы мен қол жетімділігі бәсекеге қабілеттілікті, ақша қаражатының ағынын, рентабельділігін, құқықтық талаптар мен коммерциялық репутацияларға сәйкестігін қолдау үшін үлкен маңызға ие болуы тиіс. Ұйым әр түрлі көздерден қауіпсіздіктің қауіптерінің санының ұлғаюына ұшырауы мүмкін. Ұйымға тиесілі жүйелер, қосымшалар мен желілер, компьютерлерді, қарақшылықты, зымияндықтарды, вандализмдерді, қолдану мен алаяқтықты және жұмыстағы басқа да бас тарту көздерін немесе апаттарды қоса алғанда, елеулі қауіптер (5.3-бөлімді қараңыз) қатарының мақсаты болуы мүмкін. Компьютерлік вирустар мен компьютерлік хакерлерден кең талқыланатын қауіптер сияқты жаңа мүмкін болатын залал көздері туындауда. Осындай ақпараттық қауіпсіздік тартылатын қауіптер барынша таратылатын, барынша наразылық тудыратын, әбден жетілдендірілген болады. Дәл сол уақытта ақпараттық жүйелер мен сервистерге негізделген технологияларға ұлғайған тәуелділіктің нәтижесінде ұйым қауіпсіздік қауіптеріне анағұрлым осал болуы мүмкін.

Желілік технологияларды барынша кең пайдалану компьютерлік желілерге авторизацияланған ену үшін жаңа мүмкіндіктер береді, ал есептеуіш техниканың таралуына үрдістер ұйымның АҚБЖ-сын орталықтандырып бақылау мамандары жүзеге асыратын әрекеттер аясын қысқартады.

Осындай қауіптерді бейнелеу үшін ұйымға тиесілі ақпараттарды қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиісті басқару мақсаттары мен басқару құралдарын сәйкестендіру және іске асыру үшін қажет. Бұған қатысты *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799 және ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандарттары осы талапты орындау үшін және ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерін әзірлеу үшін басқару құралдарының жақсы көзін ұсынады. Ұйым қажетті басқару құралдарын сәйкестендіру және таңдау үшін өзінің қауіпсіздік талаптарын (5.3 және 5.4-бөлімдерін қараңыз) АҚБЖ-ға, өз бизнес процестерінің және қосымшаларының мәтініне енгізілген ақпараттық жүйелерге сәйкестендіруі тиіс.

Қауіпсіздік қауіптеріне көп ұлтты корпорациялардан бастап, орта және шағын бизнес кәсіпорындарына дейін барлық қызмет түрлеріндегі және барлық мөлшердегі ұйымдар осал болады. Ұйымға тиесілі ақпараттарды қорғау жөніндегі шаралар қаншалықты жылдам қабылданса, соншалықты уақыт өте келе ұйымның қауіпсіздігі арзан әрі барынша тиімді болмақ.

4.3 Тәуекелдерді бағалау процесі туралы жалпы ұсыным

Әдетте тәуекелдерді бағалау құралдары мен әдістерді барлық АҚБЖ-ға немесе нақты ақпараттық жүйелерге және техникалық құралдарға қолданылады. Бірақ, сондай-ақ егер де бұл оңтайлы, нақты және пайдалы

болып табылса, олар жекелеген жүйелік компоненттерге немесе сервистерге бағытталатын болады. Тәуекелдерді бағалау мынадай аспектілердің жүйелік талдауын қамтиды.

– **Салдар** – бизнес үшін жоғалтудың мүмкін болатын салдарын немесе ақпараттардың құпиялылығын, тұтастығын және қол жетімділігін жеткіліксіз қамтамасыз етуді ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздікті елеулі бұзушылық нәтижесінде туындауы мүмкін залал:

– **Ықтималдық** – осындай бұзушылық қауіптерді, осалдықтар мен басқару құралдарын түрлендіру аясында болып жататын нақты ықтималдық.

Бұл процес:

– Осы АҚБЖ, талаптарды бизнес-ақпараттардың қауіпсіздігіне, құқықтық және нормативтік талаптарға, сәйкестендіру үшін лайықты тәуекелдерді (6-бөлімді қараңыз) бағалау, сондай-ақ тәуекелдерді қабылдау мен тәуекелдердің оңтайлы деңгейлерін сәйкестендіру үшін өлшемдерді айқындау әдісін таңдау.

– АҚБЖ-ға енгізілген ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері (жүйесі) және ақпараттық жүйелер үшін тәуекелдерді (5-бөлімді қараңыз) сәйкестендіру және бағалау; тәуекелдерді өңдеу нысандарын сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді оңтайлы деңгейлерге дейін азайту үшін басқару мақсаттары мен басқару құралдарын таңдау, сондай-ақ – сертификаттау үшін = қолданушылық туралы ереже дайындау.

Қауіпсіздікті басқарудың баламалық құралдарын іске асыруды қалайтын әрбір ұйым ақпараттық қауіпсіздіктердің тәуекелдерін басқару үшін әрекеттерді өңдеу мен басымдықтарды айқындау жөніндегі қажетті әрекеттерді айқындау үшін тәуекелдерді бағалау нәтижелерін пайдалануы тиіс. Осы процес *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799* немесе *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандарттардан, тиісінше А-қосымшасынан басқару құралдарын тиісті іске асыру мен қолдануды ұйымның сәйкестендіруіне мүмкіндік береді. Тәуекелдердің бағалау мынадай факторларға қатысты:

– Бизнес ақпараттар мен жүйелердің үлгісі;

– Осы ақпарат пайдаланылатын қызметтердің мақсаттары;

– Жүйе пайдаланылатын және жұмыс істейтін қоршаған орта;

– Іске асырылатын басқару құралдарымен қамтамасыз етілген қорғау.

Тәуекелдерді бағалау процесінде *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартында келтірілген ұсынымдарға қосымша барынша қуатты басқару құралдарын іске асыруды талап ететін қауіпсіздіктің айрықша қауіпсіздігімен сәйкестендірілуі мүмкін. Осы басқару құралдарын таңдау тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде негізделуі тиіс. Ақпараттық қауіпсіздіктерді басқару құралдарына шығыстар ақпараттардың және тәуекелдерге тартылатын басқа бизнес-ресурстардың коммерциялық бағалылығына сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар осы шығыстар

қауіпсіздікті бұзушылықты жасауы мүмкін бизнестің әсерлеріне қатысты теңгерілген болуы тиіс. Сондықтан да бизнес талаптар мен басымдықтардың өзгерістерін есептеуге мүмкіндік беретін бизнес тәуекелдер мен қауіпсіздіктерді басқару құралдарының мерзімдік талдауы ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың тұрақты пайдаланылатын функциясы болып табылады.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді басқару үшін қажетті ресурстар жүргізілетін талдаудың тереңдігіне, қауіпсіздіктің талаптарына және ұйым бизнесінің күрделілігіне қатысты ажыратылуы мүмкін.

Тәжірибе көрсеткендей мынадай факторлар ұйымдағы ақпараттық қауіпсіздікті сәтті іске асыру үшін сындарлы болып табылуы мүмкін.

– Бизнестің мақсаттары мен талаптарына негізделетін және ұйым басшылығы орындайтын қауіпсіздік мақсаттары мен әрекеттері:

– Жоғары басшылық тарапынан айқын қолдау мен ден қоюшылық (мүдделілік);

– Қауіпсіздік тәуекелдерін жақсы түсіну;

– Қауіпсіздікті менеджер мен қызметкер деңгейіне дейін тиімді жылжыту;

– Барлық қызметкерлер мен мердігерлерге дейін ақпараттық қауіпсіздік стандарттары мен саясаты жөніндегі барлығын қамтитын нұсқаулықтарды тарату.

4.4 ЖІБТ (PDCA) моделдерінде тәуекелдерді бағалау мен тәуекелдерді өңдеу

АҚБЖ процесінде орындалуы тиіс ЖІБТ моделі мен әрекетіне көзқарас кезінде ЖІБТ моделдерінің шеңберінде «жоспарлау» кезеңінің басты бөлігі болып табылады. Тәуекелдерді өңдеу ЖІБТ моделдері «іске асыру» кезеңінің маңызды бөлігін құрайды. Егер ұйым сертификаттауға өтінім беруге шешім қабылдайтын болса, онда мұны «іске асыру» кезеңінің барлық әрекеттерін орындағаннан кейін ғана жасау керек.

Бірақ бұл мүмкін, бірақ айқын емес болса да «бағалау» кезеңінде барлық іске асырылған басқару құралдары тәуекелдерді тиімді азайтатындығын енгізілетіндігін ескеру қажет. «Түзету» кезеңіндегі әрекеттердің жартысы осы кезеңді «Іске асыру» кезеңіне ұқсастыратын қайтадан бағаланған тәуекелдерді өңдеу сияқты өзгешелікті білдіреді. Бұл осы стандартта одан әрі сипатталатын тәуекелдерді бағалауды және тәуекелдерді өңдеу ЖІБТ моделдерінің барлық кезеңдерін қолдауға көмектеседі.

5 Тәуекелдерді бағалау процесі

Тәуекелдерді бағалау мынадай кезеңдерден тұрады:

– Ресурстардың құндылықтарын сәйкестендіру мен айқындау (5.1 және 5.2-тармақтарын қараңыз);

– Барлық қауіпсіздік талаптарын, яғни қауіптер мен осалдықтар, құқықтық және бизнес талаптарын сәйкестендіру (5.3-тармағын қараңыз);

– Қауіптер мен осалдықтардың ықтималдылығын бағалау, сондай-ақ құқықтық және бизнес талаптардың маңыздылығын бағалау; (5.4-тармағын қараңыз);

– Аталған факторлар нәтижесінде туындаған тәуекелдерді есеп (5.5-тармағын қараңыз);

– Тәуекелдерді өңдеудің қажетті нұсқасын таңдау (5.6-тармағын қараңыз);

– Тәуекелдердің оңтайлы деңгейге дейін төмендеуі үшін басқару құралдарын таңдау (5.7-тармағын қараңыз).

5.1 Ресурстарды сәйкестендіру

Ұйым, оның бизнес операциялары мен олардың үздіксіздігіне құндылық пен пайдалылыққа ие болатын қандай да бір нәрсе ресурс болып табылады. Сондықтан ресурстарға бизнес операциялар мен бизнестің үздіксіздігін түзу орындайтын дұрыс орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қорғау талап етеді. Ресурстарға тиісті басқару және оларды есепке алу[2] ұйымның ресурстарының қауіпсіздігін қолдау үшін маңыздырақ мәнге ие. Бұл екі аспекті басқарудың [2] барлық деңгейлерінде басты міндеттеме болуы тиіс. Түгендеу кезінде негізгі ресурстардың ескерілуі маңызды. Қалып қойылған немесе ұмытылған ресурстардың жоқтығына сенімді болу үшін бизнестің, ұйымдардың, оның орналасқан жерінің, ресурстары мен технологияның мінездемелерінің терминдерінде қаралатын АҚБЖ-ның қолдану саласын айқындаған жөн.

Осы қолдану саласының шекараларында әрбір ресурс анық түрде сәйкестендірілген және тиісті түрде бағаланған болуы тиіс (5.2 – бөлімінің төменгі жағын қараңыз), ал оның иесі мен қауіпсіздік санаты келісілген және құжаттандырылған болуы тиіс ([6]/[7], *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799* қараңыз). Ресурстарға мысалы, мыналар:

– **Ақпараттық ресурстар***:* деректер базасы мен деректер файлы, жүйелік құжаттама, пайдаланушының нұсқаулығы, оқу материалы, пайдалану және қолдау рәсімдері, үздіксіз қызметті қамтамасыз ету жоспарлары, апаттық қалпына келтіру құралдары;

– **Баспалық құжаттар***:* келісім шарттар, нұсқаулық, компанияның құжаттамасы, маңызды бизнес нәтижелерімен құжаттар ;

– **Бағдарламалық ресурстар***:* қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету, әзірлеу және жою құралдары;

– **Физикалық ресурстар***:* есептеуіш жабдықтары мен байланыс аппаратурасы, ақпараттарды магниттік тасығыштар (таспалар мен дискілер), басқа да техникалық жабдықтар (қоректендіру көздері, желдеткіштер), жиһаз, үй-жайлар;

– **Адамдар:** персоналдар, тапсырыс берушілер, абоненттер;

– **Компаниялардың бет-бейнелері мен беделі**;

– **Сервистер және қызметтер***:* есептеуіш және коммуникациялық сервистер, басқа да техникалық қызметтер (жылу беру, жарық беру, электрлік қоректендіру, желдету).

5.1-кезеңінің нәтижелері:

Осы кезеңнің нәтижесі қаралатын АҚБЖ-ға, оның орналасқан жеріне және оның иесіне жататын барлық негізгі ресурстар көрсетілуі тиіс тізілім болуы қажет.

5.2 Ресурстарды бағалау

Ұйымның бизнес тұтынушылығына негізделген ресурстарды сәйкестендіру мен бағалау тәуекелдерді ең басты құрастырушы бағалау болып табылады. Ресурстар үшін қажетті қорғауды сәйкестендіру үшін олардың бизнес үшін маңыздылығы негізінде олардың құндылығын және белгілі бір жағдайларда олардың әлеуметтік маңыздылығын айқындау қажет. Бұл маңыздылық әдетте бизнеске әлеуетті әсер ету терминдерінде айқындалады, олар ашу, модификация, ақпараттардың қол жетімділігі және/немесе жою және басқа ресурстар сияқты қаламаған қақтығыстар нәтижесінде болу. Бұл қақтығыстар өз кезегінде қаржылық шығындарға, табыстың, нарықтағы үлестің азаюына немесе компания беделінің зиянының әкеп соғуы мүмкін. Ресурстарды бағалау үшін кірістерін ұйым мен оның бизнесі үшін ресурстардың, әсіресе, ақпараттардың маңыздылығы туралы беделді түрде хабарлауға қабілетті ресурстардың иелерімен пайдаланушылары ұсынуы тиіс.

Алынған бағалар ресурстардың сатып алу құны мен қолдау құнына, ұйымның бизнеске арналған құпиялылықты толықтық пен қол жетімділікті жоғалтуы мүмкін іс әрекеттерге қатысты болуы тиіс. Ресурстардың құндылығын біртұтас түрде айқындау және осы бағаларды тиісті түрде байланыстыру үшін ресурстардың бағалау шәкілін қолдану қажет.

Әрбір ресурс үшін құпиялылықты, толықтықты немесе қол жетімділікті бұзған жағдайда және кез келген ресурстің басқа маңызды

қасиетін бұзған жағдайда бизнеске әсер ететін құндылық сәйкестендірілген болуы тиіс. Осы тәрізді шәкіл ретінде бағалауға, мысалы:

– Төменгі, орта және жоғары деңгейлер арасындағы айырмашылық;

– Неғұрлым толық шәкіл: төменгі – орта – жоғары - өте жоғары;

Ұйым ресурстарды бағалау шәкілі үшін өзінің жеке шекараларын белгілеуі тиіс. «Төмен» немесе «жоғары» деңгейдің зияны деп саналатын шешім шағын ұйым үшін апат болуы мүмкін немесе тіпті өте ірі ұйым үшін де зиянды болатын тек ұйымға ғана залал болып табылады.

Ұйымның бизнес терминдерінде осы бағаларды дұрыс және ұғымды түсіндіру ресурстарды бағалау үшін кіріс деректерін алу мақсатында жасалуы тиіс иеленушілер мен пайдаланушылардың әңгімелесуі кезінде аса маңызды.

5.2-Кезеңнің нәтижесі:

Осы кезеңнің нәтижесінде ресурстардың тізіліміне сәйкестендірілген әрбір ресурс үшін әрбір өлшем бойынша баға қосылуы тиіс, мысалы, құпиялылық, толықтық және қол жетімділік, сондай-ақ, егер олар пайдаланылса кез келген басқа өлшемдер бойынша.

5.3 Қауіпсіздік талаптарын сәйкестендіру

5.3.1 Талап көздері

Кез келген ұйымдағы қауіпсіздік талаптары мөлшеріне қатысты емес, шындығында АҚБЖ-да құжатталуы тиіс үш негізгі көздерден туындайды:

– Туындауы бизнестегі елеулі шығындарға әкелуі мүмкін қауіптер мен осалдықтардың бірегей жиынтығы;

– Ұйымның олардың сауда серіктестері, мердігерлерінің және қызметтерді жеткізушілерінің орындалуы тиіс құқықтық талаптары мен шарттық міндеттемелері;

– Ұйымның бизнес-операциялар мен бизнес-процестерді қолдау үшін және ұйымның ақпараттық жүйелеріне қолдану үшін әзірленген ақпараттарды өңдеу жөніндегі қағидаттарды, мақсаттардың және талаптардың бірегей жинағы.

Аталған қауіпсіздік талаптарын сәйкестендіргеннен кейін оларды құпиялылық, толықтық және қол жетімділік талаптарының терминдерінде құрастырған пайдалы.

Кейбір сәттерде – тәуекелдерді бағалау жөніндегі әрекеттердің басталуына дейін, не осы кезеңнің алдында – іске асырылған қауіпсіздікті басқару құралдарын сәйкестендіру қажет. Бұл қауіптер мен осалдықтарды толық сәйкестендіру мен шынайы бағалау үшін талап етіледі, сондай-ақ бұған дейін қолданыстағылар мен жақсы өзара әрекет ететін басқарудың қосымша құралдарын таңдау үшін маңызды (5.6-кезеңін де қараңыз). Осы

стандарт *ҚР СТ ИСО/МЭК* 17799 және *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандарттарына қатысты қолданыстағы қауіпсіздік жағдайын тексеруге мүмкіндік береді.

5.3.2 Қауіптер мен осалдықтарды сәйкестендіру

Ресурстар әр түрлі үлгідегі қауіптерге тартылады. Қауіп жүйеге немесе ұйымға және оның ресурстарына зиянның себебі болуы мүмкін қаламаған қақтығысқа әкеп соғуға қабілетті. Бұл зиян ұйымға тиесілі ақпаратқа тікелей немесе тікелей емес шабуыл нәтижесінде мысалы, ақпараттарды авторизацияланған жою, оны ашу, модификация, бөліну, сондай-ақ қол жетімсіздік немесе жоғалту нәтижесінде туындауы мүмкін. Қауіптер кездейсоқ немесе әдейі жасалған көздер немесе оқиғалардың себебі бойынша туындауы мүмкін. Ресурстарға зиян келтіру үшін қауіп ұйымдар пайдаланатын жүйелердің, қосымшалардың немесе сервистердің қандай да бір осалдықты пайдалануы қажет (төмен қараңыз). Қауіптің мысалдары осы стандарттың А.1 және А.2 қосымшаларында келтірілген, ал GMITS 3-бөлігінде және «Protecting Business Information» («Бизнес ақпараттарды қорғау») ([8] және [9] қараңыз) басылымында қауіптер туралы қосымша ақпарат келтірілген.

Осалдықтар ұйымның ресурстарымен байланысты әлсіз жақтарын көрсетеді. Осы әлсіз жақтар осы ресурстарға жоғалуға, бөлінуге немесе зиян келтіруге әкелуі мүмкін қауіптер пайдалануы мүмкін. Осалдық өз бетінше зиян келтіре алмайды, бұл қауіпке ресурстарға әсер етуге мүмкіндік беретін қарапайым шарттар немесе шарттардың қатары. Осалдықтарды сәйкестендірген кезде бизнеске және ресурстармен мыналарда:

– Физикалық ортада,

– Персоналдармен, басқарумен және әкімшілік етумен байланысты басқару рәсімдерімен құралдарында,

– Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуде, байланыстың жабдықтары мен құралдарында байланысты ресурстар мен олар қолдайтын бизнеске зиян келтіру мақсатында қауіптің көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін әлсіз орындарды сәйкестендірген жөн.

Осалдық мысалдары осы стандарттың А.3 қосымшасында келтірілген, ал [3] басылымында осалдықтар туралы қосымша ақпарат келтірілген.

Мынаған назар аударыңыз: тәуекелдерді бағалаудың пайдаланылған әдісіне қатысты қауіптер мен осалдықтар бірге немесе жеке бағаланады. Екі нұсқаны да пайдалану және оларды таңдау туралы шешу мүмкіндігін тәуекелдерді бағалаулардың жалпы тәсілдерін таңдаған кезде қабылдаған жөн (сондай-ақ 6-бөлімді және Б.2-қосымшасын қараңыз).

5.3.3 Құқықтық, нормативтік талаптары мен шарттық міндеттемелер

АҚБЖ-ға ұйым, оның сауда серіктесі, мердігерлер және қызмет жеткізушілер орындалуы тиіс құқықтық талаптар мен шарттық міндеттемелердің жиынтығымен байланысты қауіпсіздік талаптары құжаттануы тиіс. Осы талаптарды АҚБЖ-ның қолдауы үлкен маңызға ие, мысалы, патенттелген бағдарламалық қамтамасыз етуді көшіруге ұйымның құжаттарын қорғауға немесе деректерді қорғауға бақылауды жүзеге асыру үшін. Әрбір ақпараттық жүйелерде қауіпсіздіктерді басқару құралдарының бар болуының немесе жоқтығы құқықтық немесе азаматтық міндеттемелердің ешқайсысын, сондай-ақ коммерциялық шарттардың бірде біреуін бұзбағаны аса маңызды. Сондықтан әрбір ресурсқа байланысты құқықтық талаптар мен шарттық міндеттемелерді сәйкестендіру қажет.

5.3.4 Ұйымның қағидаттары, мақсаттары мен бизнес-талаптары

Бұған қоса АҚБЖ-да ұйымның бизнес-операцияларды қолдау мақсатында аппараттарды өңдеу үшін барлық ұйымдарда қолданылатын қағидаттармен, мақсаттармен және талаптармен байланысты қауіпсіздік талаптары құжаттандырылған болуы тиіс. Осы талаптардың АҚБЖ-сын қолдау бәсекелестік қабілеттілікті, ақша ағынан және/немесе рентабельділікті арттыру үшін үлкен маңызға ие. Әрбір ақпараттық жүйелерде қауіпсіздікті басқару құралдарының болуы немесе болмауы бизнес-операциялары тиімді орындауға кедергі болмауы аса маңызды. Сондықтан әрбір ресурс үшін онымен байланысты бизнес мақсаттары мен бизнес талаптарын сәйкестендіру қажет.

5.3-Кезеңнің нәтижесі:

5.1 кезеңінде сәйкестендірілген әрбір ресурс үшін 5.3-кезеңінің нәтижесінде сәйкестендірілген қауіптер мен осалдықтары, құқықтық талаптар/шарттық міндеттемелер және бизнес талаптардың тізімі құрастырылған болуы тиіс.

5.4 Қауіпсіздік талаптарын бағалау

Ресурстарды бағалаған кездегі сияқты қауіпсіздік талаптарын бағалаған жағдайда тәуекелдерді бағалаудың пайдаланылатын әдісіне сәйкес келетін осы бағалау үшін шәкілді анықтау қажет (сондай-ақ 6-бөлімді қараңыз). Көптеген жағдайларда осы процесті мүлдем қиындатпау үшін қарапайым үш деңгейлі шәкілді пайдалану жеткілікті, мысалы:

– Төменгі деңгей
– Орта деңгей
– Жоғарғы деңгей.

5.4.1 Қауіптер мен осалдықтарды бағалау

Қауіптер мен осалдықтарды сәйкестендіргеннен кейін қауіптер мен осалдықтардың кейбір үйлесімінде іске асырудың шынайылығын бағалау қажет.

Мынаған назар аударыңыз: қауіптер мен осалдықтардың бірге немесе жеке, қалай бағаланатындығына қатысты қауіптер мен осалдықтарды жеке бағалауды немесе бірлескен бағалауды пайдаланған жөн.

Қауіптің ықтималдылығын бағалаған кезде мыналарды назарға алған жөн:

– Қасақана қауіп үшін: ынталандыру, қабылданған және талап етілетін мүмкіндіктер, әлеуетті тәртіп бұзушыларға қол жетімді ресурстар, және ресурстардың тартымдылығын түсіну;

– Кездейсоқ (қасақана) қауіптер үшін: тәжірибеге, статистикаға және т.б. сәйкес олар қаншалықты жиі туындауы мүмкін; химиялық және мұнай өндіруші зауыттарға жақындық сияқты географиялық факторлар, шұғыл табиғат жағдайларының ықтималдық орасан аудандарда болу; және адам қателерін көрсетуі мүмкін факторлар және жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін бұзу.

Қақтығыстың пайда болу толық ықтималдылығы сондай-ақ ресурстардың осалдығына қатысты, яғни оларды қаншалықты жеңіл пайдалануға болатындығына байланысты. Ізінше осалдықтар бірнеше шәкілдер бойынша бағалануы тиіс, мысалы мыналар:

– Жоғары ықтимал немесе – осы ықтималдықты пайдаланған өте жеңіл, қорғау жоқ немесе өте әлсіз;

– Мүмкін болатын – осалдық пайдаланылуы мүмкін, алайда қорғауға ие;

– Өте аз ықтимал немесе мүмкін болатын – осы осалдықта пайдалану қиын, жақсы қорғауға ие.

Қауіптер мен осалдықтарды бағалау үшін пайдаланылатын ақпараттар қаралатын АҚБЖ-ға және тиісті бизнес-процесстерге қатынасы бар адамдардан алынған болуы мүмкін. Бұлар, мысалы, кадр бөлімінің қызметкерлері, жоспарлау жөніндегі мамандар және АТ мамандары, сондай-ақ қауіпсіздік үшін ұйымға жауап беретін адамдар. Бұған қоса қауіптер мен осалдықтардың тізімдерін (мысалға А қосымшасында және [3]), сондай-ақ осы стандарттың А қосымшасында келтірілген ҚР СТ ИСО/МЭК 17799 стандартынан басқарудың қауіптері мен құралдардың арасындағы байланыс.

5.4.2 Құқықтық талаптар мен бизнес-талаптарын бағалау

Қауіптер мен осалдықтар бағаланған сияқты енді құқықтық талаптар мен бизнес-талаптар үшін бағаларды айқындаған жөн (5.3.3 және 5.3.4 – тармақтарын қараңыз). Бұл осы қауіпсіздік талаптармен байланысты тәуекелдегі есептеу үшін қажет

Қандай да бір құқықтық немесе бизнес-талаптарға бағаларды белгілеу үшін мыналарды айқындау қажет:

– Осы құқықтық талаптарды/шарттық міндеттемелерді немесе бизнес талаптарды орындамаған жағдайда бизнеске әсер ету қаншалықты байыпты болады;

– Бұл қаралатын ресурстар мен барлық АҚБЖ үшін қандай сардарларға қатысты болады; және

– Бұның болатындығына ықтималдық қандай.

Аталған факторларды талдау нәтижелері әрбір ресурс және әрбір құқықтық талаптар/шарттық міндеттемелер және әрбір бизнес талаптар үшін қауіпсіздік талаптарына арналған бағалар шәкілінде тиісті бағаны айқындау үшін пайдаланған жөн.

5.4-кезеңінің нәтижесі:

Осы кезең нәтижесінде барлық сәйкестендірілген қауіпсіздік талаптарына кейбір бағалар берілуі тиіс (5.3 кезеңінен жоғары қараңыз).

5.5 Қауіпсіздік тәуекелдерінің есебі

Тәуекелдерді бағалаудың мақсаты 5.1-5.4 кезеңдерінде алынған нәтижелердің негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауда көрінеді. Бұл тәуекелдер Ресурстардың бағалары мен бағаланған деңгейі тиісті қауіпсіздік талаптарын үйлестіруден есептелінеді.

Мынадай: мысалы, активтерге, осалдықтар мен қауіптіліктерге, сондай-ақ құқықтық және бизнес-талаптарға тағылған бағалар сияқты факторларды байланыстыруға мүмкіндік беретін түрлі әдістер қолданылады, нәтижесінде тәуекел деңгейінің мәні алынады. Осы мәндерді алудың бірнеше әртүрлі әдістері «тәуекелдерді бағалау әдісінің үлгілері мен мысалдары» Б.2 қосымшасында сипатталады. Бұл әдістер 3 бөлімде сипатталған ұғымдарға негізделеді.

Алдыңғы бөлімдерде сипатталған ұғымдар кейбір мағыналық түрде бірігетіндігі және тек ұйымның өзі ғана оның бизнес талаптары мен оның қауіпсіздік талаптарына келетін тәуекелдерді бағалаудың қандай әдісі туралы шешім қабылдауы мүмкін шартында тәуекелдерді бағалаудың «дұрыс» немесе «дұрыс емес» тәсілдерінің жоқ екендігін атап өту маңызды.

5.5 кезеңінің нәтижелері:

Қаралатын АҚБЖ-ның қолдану саласында тұрған әрбір ресурс үшін осы кезең нәтижесінде ашылу, модификация, қол жетімділік және жою нысанында пайда болатын әрбір іс әрекет үшін өлшенген тәуекелдердің тізімі құрастырылатын болуы тиіс.

5.6 Тәуекелдерді өңдеу нысандарын сәйкестендіру және бағалау

Тәуекелдеу сәйкестендірілген және бағаланғаннан кейін ұйымның келесі міндеті осы тәуекелдерді өңдеу үшін сәйкес келетін әрекеттің өзін сәйкестендіру және бағалау болып табылады. Бұл шешім қамтылған ресурстар туралы ақпараттар, сондай-ақ бизнеске әсер ету негізінде қабылдануы тиіс. Осы шешімнің негізіне жататын тағы бір маңызды фактор тәуекелдерді бағалаудың қажетті әдісін таңдаудан кейін сәйкестендірілген тәуекелдің оңтайлы деңгейі болып табылады (6 бөлімді қараңыз).

Сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер үшін (5.1 - 5.5 кезеңдерінде сипатталған іс әрекеттердің нәтижесінде) Ұйым қолдануы мүмкін болатын әрекеттердің төртеуі құралады:

– Осы тәуекелдерді азайту үшін тиісті бағалау құралдарын қолдану. (5.7 бөлімінің төменгі жағын қараңыз);

– Олар ұйымның саясаты мен тәуекелдерді қабылдау өлшемдеріне нақты қанағаттандыратыны жағдайында тәуекелдерді әдейі және қасақана қабылдау (6- бөлімді қараңыз);

– Тәуекелдердің алдын алу (5.6.1 бөлімінің төменгі жағын қараңыз);

– Қауымдастырған бизнес тәуекелдерді басқа тараптарға беру (5.6.2 бөлімінің төменгі жағын қараңыз).

